



XҒТАР 19.19.21
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-153-4-120-136>

Жаңа медиа туралы дәрістерде нейрондық желілерді пайдалану әдістемесі

Б.К. Сердәлі^{ID}

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

(E-mail: bekzhigit.serdaly@ayu.edu.kz)

Аңдатпа. Бұл зерттеу нейрондық желілерді (бұдан әрі – нейрожелілер) «Журналистика және репортерлік ісі» білім беру бағдарламалары аясында оқытылатын пәндерде интерактивті білім беру ортасын қалыптастырудың инновациялық тәсілі ретінде пайдалану мүмкіндіктерін айқындау мақсатын көздейді. Мақалада жаңа медианы оқыту процесінде нейрожелілерді қолданудың замануи әдістері жан-жақты қарастырылады. Атап айтқанда, нейрожелілердің оқу контентін әзірлеу мен оқу үдерісін жеке-лендіру ісіндегі рөліне, сондай-ақ, оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара әрекеттестікті күшейту мүмкіндіктеріне назар аударылады. Зерттеу барысында журналистика факультеттеріндегі дәстүрлі сабақ құрылымындарын қайта қарастыра отырып, нейрожелілерді қолдану негізінде сабақтың технологиялық құрылымын құрудың практикалық тәсілдері ұсынылады. Бұл тәсілдер білім алушылардың цифрлық сауаттылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – жаңа медианы оқыту үдерісіне нейрожелілерді енгізу арқылы оқу мақсаттарын құруға бағытталған сабақтың технологиялық құрылымын әзірлеуге мүмкіндік беретін, әдістемелік ұсынымдардың алғаш рет тұжырымдалуында. Аталған ұсынымдар журналистика бағытында білім беру мазмұнын жаңғыртуға және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Зерттеу нәтижелері нейрожелілердің оқыту үдерісінде айтарлықтай әлеуетке ие екенін көрсетті. Олар оқытушының көмекші құралы бола отырып, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда, сондай-ақ, креативтік сыни ойлау, командада жұмыс істеу секілді «жұмсақ дағдыларды» (soft skills) жетілдіруде тиімді цифрлық ресурс ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: цифрлық медиадидактика, коммуникативті-іскерлік дағды, іскерлік құзырет, жасанды интеллект, нейрондық желілер, жаңа медиа.

Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстан экономикасының дамуындағы басым бағыттардың бірі жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) технологияларын өмірдің түрлі салаларына енгізу

Түсті: 21.11.2025; Мақұлданды: 9.12.2025; онлайн қолжетімді: 31.12.2025

болып табылады. Осыған байланысты, ЖИ-дің білім беру саласында қолданыла бастауы заңды құбылыс ретінде қарастырылады. Өйткені, қазіргі маман өмір сапасын арттыру үшін ЖИ-мен тиімді әрі өзара әрекеттесу дағдыларына ие болу қажет. Бұл өз кезегінде әртүрлі міндеттерді анағұрлым жылдам шешуге мүмкіндік береді. Бұл турасында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны цифрлық өзгерістер арқылы шешу” атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын ба-рынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет» деуі мәселенің өзекті екенін көрсетіп отыр. “Менің тапсырмаммен жүз мыңға жуық студентті жоғарғы технологиялық жобаларға тартуды көздейтін AI-Sana бағдарламасы жүзеге асырыла бастады”, – деді Президент. Алайда, жасанды интеллекттермен жұмыс істеу құзыретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни жоғары оқу орнында қолға алынуы тиіс. Оқытушылардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да ертерек қалыптастырған жөн [1].

Осыған орай, жоғары білім беру жүйесінің алдына студенттердің жасанды интеллект жүйелерімен жұмыс істеуге қажетті цифрлық құзыреттерін қалыптастыру міндеті қойылып отыр. Аталған міндетті жүзеге асыру оқытушылардан қосымша біліммен қатар, ЖИ-ді күнделікті дәрістерде кеңінен қолданысқа енгізу міндеттері де тұр. Бұл мәселенің өзекті екендігін және онымен дұрыс қарым-қатынас орната білу қажеттігін өзектендіреді.

Соңғы бір жыл ішінде “Журналистика және репортерлік ісі” білім беру бағдарламаларында жаңа медианы оқыту әдістемесінде елеулі өзгерістер орын алды. Бұл өзгерістер ЖИ технологияларын, оның ішінде нейрожелілерді оқыту тәжірибесін енгізумен тығыз байланысты. Нейрожелілерді оқу континентінің әртүрлі форматтағы түрлерін жасау құралы ретінде жоғары білім беру саласында белсенді қолдануға болады. Бұған бірқатар жоғары оқу орындарындағы журналистика факультеттері білім беру бағдарламаларының негізгі оқу жоспарларына ЖИ және нейрожелі пәндерін негізгі контент ретінде енгізе бастауы дәлел. Мәселен, жуырда ғана ҚазҰУ-де “Жасанды интеллект және медиа” бағдарламасы іске қосылды [2]. Жаңа білім беру бағдарламасы аясында болашақ медиа мамандарға жасанды интеллект, нейрожелі, үлкен деректермен жұмыс істеу, Data Scient, Python бағдарламалау тілі сияқты пәндер оқытылады. Бұл пәндерді меңгерту үшін IT факультетінің оқытушылары да оқу процесіне тартылады. Сонымен қатар, білім алушылар оқу орнының супер компьютерлік ресурстарын да пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

Дегенмен, нейрожелілер қазір білім беру жүйесі мен журналист кәсібінің болашағына қатысты пікірталастардың нысанына айналып отыр. Білім беру процесіне өзгеріс енгізудің қажеттілігі, оқытушылар мен білім алушыларға нейрожелілерді қолдануға рұқсат беру мәселелері бойынша түрлі көзқарастар қалыптасуда. Кейбір білім беру ұйымдары нейрожелілерді қолдануға тыйым салса, енді бірі оны қолдап отыр.

Зерттеу жұмысының мақсаты – жаңа медиа дәрістерінде нейрондық желілерді инновациялық құрал ретінде пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу, олардың оқыту процесіндегі тиімділігін анықтау және білім беру сапасын арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеумен ерекшеленеді.

Мақаланың ғылыми жаңалағы – нақты нейрондық желілерді қолдану тәсілдері арқылы сарапталып, нейрондық желілердің жаңа медиа дәрістерінде қолданылуының инновациялық тәсілдері алғаш рет кешенді түрде зерттелді. Оларды оқытудың интерактивтілігі жекелендірілген білім беру мүмкіндіктері арқылы кеңейіп, айтарлықтай

жақсартатыны дәлелденді. Сонымен қатар, мақалада зерттеу барысында қол жеткізілген нейрондық желілерді қолданудың тиімділігін арттыруға арналған жаңа әдістемелік модульдер ұсынылды.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды ескере отырып, зерттеу *тақырыбының өзектілігін* келесі факторлармен негіздей аламыз:

- 1) білім беру үдерісіне ЖИ технологияларын жаппай енгізуге болады;
- 2) жаңа медиа сабағының тәсілдеріне нейрожелілерді интерактивті білім беру ортасын құру құралы ретінде енгізуге болады;
- 3) нейрожелілер арқылы алынған контентті, верификациялау тетіктерінің болмауына байланысты, туындап жататын интерактивті тәсілдермен сабақтастыруға болады;
- 4) білім беру үдерісінде, соның ішінде жаңа медианы оқытуға жасанды интеллект технологияларын енгізудің ғылыми негіздемесін әзірлеуге болады.

Ал, *зерттеу мақсаттарына* сәйкес келесі міндеттер айқындалды:

- 1) ғылыми және оқу әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде білім беру саласына ЖИ құралдарын енгізудің негізгі бағыттарын анықтау;
- 2) ЖИ-ды пайдалана отырып, жаңа медианы оқытудың педагогикалық міндеттерін анықтап, нейрожелі тақырыбының мысалында білімгерлердің көмегімен оқыту сабағының технологиялық құрылымын әзірлеу.

Зерттеу материалы ретінде нейрожелілер (“Looka”, “Dream”, “Skybox”, “D-id”) арқылы жасалған суреттер мен бейнесюжеттер, сондай-ақ студенттердің нейрожелімен жұмыс істеу барысында алған мәтіндер қолданылды. Зерттеудің *теориялық негізін* ЖИ технологияларын білім беру саласына енгізу бойынша жоғарғы оқу орындарында жинақталған ғылыми зерттеулер, атап айтқанда: Ai-Sana бағдарламасы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің жасанды интеллект медиа зертханасының, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің нейрондық желілер негізінде адамның бетәлпет эмоциясын табу тәжірибесінің, Сәтбаев университеті ғалымдарының білім беруде нейрожелілерді қолдану әдістеріне қатысты зерттеулері, Muratuly, Denisova, Krak, 2022; Прохоров, 2023 зерттеулері, оның ішінде Кузнецовтың, Аксеновтың, Михайловтың, Рублевтің, Наргестің еңбектері де бар, пайдаланылды.

Зерттеу әдістері ретінде ЖИ-ды білім беру саласына енгізу мәселелеріне арналған ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау, оның ішінде жаңа медианы оқытуда ЖИ-ды қолдану бойынша әдістемелік материалдарды зерделеу, нейрожелілердің сандық медианы оқытудағы тәжірибесін жүйелеу және қорытындылау, шетелден келген студенттерді нейрожелілермен жұмыс істеу тәсілінде оқытудағы тәжірибелік жұмысы, білімгерлердің нейрожелілермен жұмыс істеу барысын бақылау, олардың жаңа әдіске қызығуы, коммуникативтік құзыреттілігі мен “жұмсақ дағдылардың” дамуын зерттеу тәжірибелері қамтылды.

Зерттеудің *практикалық маңызы* – нейрожелілерді қолдану арқылы әзірленген оқу материалдары бойынша кәсіптік пәндер үшін әдістемелік негіз ретінде пайдалану мүмкіндігін, апробация нәтижелерін болашақта оқыту практикасына нейрожелелермен қатар жұмыс істеу әдістемесімен бірге пайдалану мүмкіндігін береді.

Әдебиеттерге шолу

Нейрожелілерді қолдаудың негізгі дәлелі – олардың интернет желісіндегі кең көлемді ақпарат көздеріне сүйеніп, сұраныстарға жедел жауап беруге қабілеттілігінде. Бұл

сілтемелер мен әдебиеттер оқу контентін құруға кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік береді. Ал зерттеулердегі қарсы пікірлердің негізі – бұл жүйелердің барлық қолжетімді деректерді тексерусіз қолдануы, нәтижесінде шындыққа сәйкес келмейтін немесе қате контенттің пайда болу қаупі. Бұл тұрғыда С.М.Аяпованың зерттеулері маңызды. Өйткені ол жасанды интеллекттің әртүрлі медиа материалдарды өндіруде қаншалықты қолданылатынын анықтауға көмектеседі. Алынған мәліметтерге сүйенсек, қазіргі уақытта журналистикада жасанды интеллектті қолдану семантикалық жүктемені және материалды объективті бағалауды қажет етпейтін жаңалықтар мақалаларын қолданумен шектеледі [3].

Зерттеуші С.П.Фурс та білім берудегі жасанды интеллект жайында маңызды пікірлер ұсынған. “ЖИ білім беру үдерісінде белгілі бір орынды иеленіп отыр, сондықтан бұл үдерістің даму келешегін, сондай-ақ ЖИ-дің қазіргі және болашақтағы функцияларын талдау маңызды” [4, 41].

Дегенмен, қазіргі уақытта білім беру үдерісіне ЖИ-ді енгізудің теориясы мен әдістемесіне арналған іргелі ғылыми зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады. Негізінен, жоғары білім беру саласында ЖИ-ді қолдануға арналған жекелеген практикалық зерттеулер, ірі корпорациялардың ЖИ-дің білім беру үдерісіне әсеріне қатысты аналитикалық шолулары, сондай-ақ, “жасанды интеллект” ұғымының мәнін айқындауға, ЖИ дамуының тарихына арналған еңбектер ғана бар [5].

Аталған оқу мақсаттарына сәйкес оқу материалы іріктеледі. Оған келесі мазмұндағы бірліктер енгізілді: ББ-лар атауы, жаңа технологиялар тізбегі, ақпарат алу сұрақтарының қолданылуы (не? қайда? қашан?), модаль сөздермен құрылған құрылымдар (білетін + не істеу керек, тиіс/тиісті + не істеу керек, білуі тиіс + не істеу керек); өз көзқарасын білдіретін құрылымдар (менің ойымша т.б.), кеңес беру (керек + не істеу керек, қажет, қажет болу, үшін қажет т.б.).

Кесте1. Нейрондық желілерде қолданылатын оқу материалдарының бейнересурстары

Әлеуметтік порталдар	Нейрондық бейнересурстар
www.youtube.com	“Нейрожелілер. Фото қалай сөйлейді?” // https://www.youtube.com/watch?v=JKEgymNIHhQ&list=PLEgVbxcGJ6uqaZPFlxaYX_22TUUV0hv8d;
www.youtube.com	“Әлемдік ұстаздардың ең топ платформасы” // https://www.youtube.com/watch?v=dCrSQCw1Q3w&list=PLwhOb2d53M8l-KQoV0rfX7i6lyd25_SjX;
www.youtube.com	“Жасанды интеллект дос па, дұшпан ба?” // https://www.youtube.com/watch?v=iLcyYNdD6-I;
www.youtube.com	“Фотоны қалай сөйлетеміз? Нейросеть. Жасанды интеллект” // https://www.youtube.com/watch?v=vS1R_fjm7ms&list=PLpKEXHsVgJm6v5Ijp5IV3qmrM_ztllprz

Әдіснама

Мақалада жаңа медиа дәрістерінде нейрондық желілерді инновациялық құрал ретінде пайдалану мүмкіндіктерін анықтау және бағалау мақсаты көзделді. Осы мақсатты жүзеге

асыру үшін нейрондық желілердің теориялық негіздері мен жаңа медиа саласындағы қолдану ерекшеліктері зерттеліп, ЖИ дәрістерінің мазмұны мен форматы талданды. Сонымен қатар, нейрондық желілерді енгізудің тиімді жолдары анықталып, олардың инновациялық құрал ретінде қолданылу тәжірибесі қарастырылып, артықшылықтары мен шектеулері бағаланды. *Зерттеу объектісі* ретінде жаңа медиа саласындағы білім беру процесі, ал *пән ретінде* жаңа медиа дәрістерінде нейрондық желілерді қолдану әдістері мен технологиялары таңдалды. Әдістемелік тұрғыдан зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. *Теориялық әдістер* қатарында әдеби шолу, талдау, синтез және салыстыру әдістері арқылы нейрондық желілердің негізі принциптері мен олардың жаңа медиа саласындағы қолданылу ерекшеліктері қарастырылды. *Эмпирикалық әдістер* ретінде сауалнама, интервью және бақылау тәжірибелері зерделеніп, жаңа медиа дәрістерін жүргізуші мамандар мен студенттердің пікірлері жинақталды. Сондай-ақ, зерттеу аясында нейрондық желілерді енгізудің пилоттық жобасы эксперимент түрінде ұйымдастырылып, оның тиімділігі бағаланды. Осы тақырыптағы ғылыми зерттеулерге айрықша мән берілді [6]. Деректерді жинау барысында сауалнама арқылы нейрондық желілердің қолданылу деңгейі мен әсері анықталса, интервью көмегімен мамандар мен тәжірибешілердің пікірлері терең зерттелді. *Бақылау әдісі* дәрістердің видеожазбалары мен онлайн платформадағы материалдарды талдау үшін қолданылады. Жиналған деректер сандық және сапалық әдістер арқылы өңделді. Мұнда сауалнама нәтижелері статистикалық тәсілдермен, ад интервью мен бақылау материалдары мазмұндық талдау арқылы зерттелді. Нәтижелерді интерпретациялау кезінде нейрондық желілердің білім беру үдерісіндегі инновациялық рөліне ерекше назар аударылды. Зерттеу барысында қатысушылардың құпиялылығы сақталып, олардың атсалысуы алдын ала келісім алынған ерікті негізде жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижелері мақалада әділ және объективті түрде ұсынылды.

Талдау мен нәтижелер

Жасанды интеллект технологиялары белгілі бір жағдайларда адамның қызметін алмастыра алады. Бұл адамның когнитивтік функцияларын имитациялайтын (соның ішінде өзін-өзі оқыту және алдын ала берілмеген алгоритмдер арқылы шешім іздеу) технологиялық шешімдер кешенін құрайды. Ол тапсырмаларды орындау кезінде кем дегенде адамның интеллектуалды қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты ЖИ технологияларына кең ауқымды бағдарламалық өнімдер, мысалы, медиадағы нейрожелілер, цифрлық медиа т.б. еніп жатыр. Нейрондық желілер – бұл үлкен көлемдегі және әртүрлі форматтағы құрылымсыз күрделі деректер жиындарын өңдеуге арналған жасанды интеллект түрі. Нейрожелілер негізінде тану немесе генерациялау қабілетіне ие оқытуға болатын бағдарламалар әзірленеді.

Кесте 2. Нейрондық желілердің классификациясы

Генераторлар	Нейрондық желі атаулары
Мәтін генераторлары	“ChatGPT”, “Perplexity” және “GigaChat”

Анимациялық сурет генераторлары	“Synthesia”, “Murf”, “D-id”
Музыка және видео генераторлары	“Soundful”, “Runway”
Презентация генераторлары	“Tome”
Сурет генераторлары	“Midjourney”, “Looka”, “Dream”, “Wepik”

Ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау нәтижесі бойынша, ЖИ-дың жоғары білім беру саласына енгізілуі дәрісті генерациялау бағыттары бойынша жүзеге асырылады. Бұл бағытта ЖИ оқу курстарын, білім беру платформаларын және кросс-платформалық шешімдерді жасаудың Лукичев-Чекмарев тәжірибесі енгізілуде [7].

Кесте 3. Дәрістерді генерациялау алгоритмі

Оқу үдерістері	Нәтижелері
Білім беру үдерісін басқару	ЖИ негізінде оқытуды жекелендіру алгоритмдері әзірленуде, білім беру мекемесінің барлық қызметіне талдау жүргізіледі, сондай-ақ оқыту сапасын бағалау жүзеге асырылады.
Оқу курстарын жобалау және педагогикалық дизайн	Нейрожелілер көмегімен оқытушылар сабақ жоспарларын құрастырады, оқу курстарының модульдерін қалыптастырады.
Оқу контентін жасау	Нейрожелілер мақсатты аудиторияның сұраныстарын ескере отырып және оқытудың жаңа талаптарына сай жаңа өзекті оқу материалдарын жасауға мүмкіндік береді.

ЖИ арқылы оқу контентін генерациялау келесі міндеттерді шешуде қолданылады:

а) материалды визуализациялау – сабақ талаптарына және оқытушының сұраныстарына сәйкес түпнұсқа суреттерді жасайды;

ә) оқу мәтіндерін, соның ішінде мультимедиа материалдарын жасау – сұраныс негізінде белгілі бір формамен нақты мазмұнға, мақсатты аудитория деңгейіне сәйкес генерациялайды;

б) дайын жаттығулар жүйесін құру – ЖИ пәні оқытушысының сұранысы бойынша әртүрлі сипаттағы жаттығуларды генерациялайтын дайын жүйелерді қалыптастырады, олардың құрамында оқытуға қажетті контент жасайды;

в) аралық және қорытынды бақылау тапсырмаларын генерациялау – нейрожелілер арқылы оқыту дағдыларының қалыптасуын бақылауға арналған тест тапсырмалары жасалады.

г) прокторинг арқылы ЖИ жүйелерінің көмегімен емтихан тапсырушылардың мінез-құлқы бақыланады;

ғ) оқытушылар тарапынан қолданылып жатқан нейрожелілер студенттердің жобалық және шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында өзара әрекеттесу құралы ретінде белсенді қолданылады;

д) оқыту практикасы аясында жоғарыда аталған ЖИ-ды қолдану тәсілдеріне қосымша ретінде қарым-қатынас жасауға бағытталған сөйлеу дағдыларын дамыту және ЖИ-ды жаңа медиа бойынша коммуникативтік тренажер ретінде пайдалану мүмкіндігі енгізіледі.

Кесте 4. Заманауи технология трендтері

ЖИ трендтері	Қызметі
Жасанды интеллект (AI) және нейрондық желілер	Дауыстық көмекшілер, стримминг қызметтер, әлеуметтік желілердегі ұсыныстар, алаяқтықты анықтау, ақылды іздеу, чатботтар және т.б.
Метаверс	Веб-технологияны, цифрлық өнімді сынау, көру, беттеу мүмкіндігі
Суперапптар	Қолданбалы платформа және экожүйе мәтіндері, банктік қызметтер, маркетплейс, мемлекеттік қызметтер, авиабилеттерді, өнімдерді сатып алу және онлайн төлемдер жасау жүйесін ақпараттандыру

Соңғы екі жылда нейрондық желілер үлкен қадам жасап, AI технологиясын күнделікті өмірге енгізу жалғасуда. Жақын арада ғаламтор қазіргі маңыздылығын жоғалтып, оның орнына метаверс келуі мүмкін деген болжам бар. Мысалы, қарым-қатынас жасауға, мәтін құрауға, білім алуға, ақпарат жинауға және тіпті бизнес жүргізуге болатын жаңа вертуалды кеңістіктер пайда болады.

Мәселен, highrise – әлеуметтік желіге ұқсас ішкі маркетплейсі бар метаверс қарым-қатынас жасауға, іс-шаралар ұйымдастыруға, жер сатып алуға, ғимараттар салуға және кейіпкерлерді топтауға ыңғайлы. Highrise қолданбасын Google Play дүкенінен жүктеп алуға болады.

Ақпараттық қауіпсіздік те тренд болып табылады. Ол жеке деректеріңізді, құпия жазбаларыңызды және цифрлық мәліметтеріңізді қорғау мүмкіндігін береді, деректерге қол сұғатын сыртқы қауіптерден қорғай алады.

Айта кету керек, көптеген зерттеулерде жасанды интеллектті оқу үдерісіне енгізу жекелеген жағдайлармен шектеледі. Мысалы, тек оқу контентін визуализациялау мақсатында немесе тек коммуникативтік тапсырмаларды орындауға арналған құрал ретінде. ЖИ-ды жаңа медиа дәрістерінде түрлі типтегі міндеттерді шешу үшін жүйелі түрде қолдану технологиясы іс жүзінде жоқ. Бұл міндеттер мына дағдылар арқылы шешіледі: 1) оқу міндеттері – интерактивті білім беру ортасын құру, сөйлеу дағдыларын жетілдіру; 2) “жұмсақ дағдыларды” дамыту – креативтілік, сыни ойлау, топта жұмыс істей білу.

Осыған байланысты біз ЖИ-ды қолданатын сабақтың технологиялық құрылымдарына үңілдік. Аталған технологиялар құрамында ашық қолжетімділікке ие құралдардың ішінде негізінен нейрожелілер белсенді түрде жұмыс істейтіндіктен, олар жаңа медианы оқытуда негізгі құрал ретінде қолданылатынын байқадық.

Мақсатты аудитория қалыптастырушы ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі білім беру үрдісін қалыптастыра бастаған цифрлық технологиялар мен әлеуметтік ғылымдар тоғысындағы пәнаралық бағытта жүзеге асатын жасанды интеллект зертханасын алуға болады. Жасанды интеллект зертханасындағы білім беру цифрлық технологиялар мен әлеуметтік ғылымдар тоғысындағы пәнаралық бағытта жүзеге асады. Соның арқасында нейрожелілердің озық тәжірибесі білім беру үрдісіне енгізіліп, деректі талдау, визуалды сторителлинг және үлкен тілдік модельдерді (LLM) біріктіруге жол ашылады. Зертхана жоғары сапалы кескіндермен және визуалды дерекпен жұмыс істеуге ыңғайлы заманауи LG Ultra Gear мониторларымен жабдықталған. Мұндағы ерекшелік:

- сабақтардың онлайн форматта өткізілуі;
- топтың полиэтникалық және жас ерекшелігі жағынан әртүрлі құрамы (бұл өз кезегінде кең ауқымды аудиторияға қызықты болатын оқу материалының қажеттілігін білдіреді);
- коммуникативтік қабілеттерін дамытуға студенттердің қызығушылығы;
- мақсатты аудиторияда жаңа медианың базалық деңгейінің болуы және студенттердің нейрожелілермен жұмыс алгоритмін түсінуге дайын болуы.

Мақсатты аудиторияның сұранысына сәйкес, мәселен, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде “Медиа дизайн” дәрісінде сабақ тақырыбы ретінде “Графикалық дизайн” критерийі таңдалды. Сабақтың стратегиялық мақсаты – коммуникативтік құзыреттілікті дамыту, студенттердің нейро тілінде қарым-қатынас жасауға деген мотивациясын арттыру және коммуникация барысында психологиялық кедергілерді жою. Практикалық мақсат – “Графикалық дизайн” тақырыбы бойынша газет-журнал дизайнын жасауға қажетті коммуникативтік құрылымдарды меңгеру. Тәрбиелік мақсат – баспа мәдениетіне құрметпен қарау дағдысын қалыптастыру болса, дамытушылық мақсат – газет беттейтін графикалық бағдарламаларды негізгі коммуникациялық құрал ретінде, оның ішінде ЖИ арқылы қолдануға деген ынтаны арттыру. Сабақтың ұзақтығы – 4 академиялық сағат.

Бұл ресурстардың таңдалуы мақсатты аудиторияның қызығушылығы бойынша әртүрлі болуымен түсіндіріледі (газет-журнал беттеу, кітап мұқабасын әзірлеу, газеттің ішкі беттерінің дизайнын жасау т.б.). Сондықтан ұсынылған контент барлық қатысушыларға қызықты болуы тиіс.

1. Онлайн форматта оқитын студенттер мен оқытушы арасындағы өзара әрекетті қамтамасыз ету үшін қажетті қызметтер келесі критерийлер бойынша таңдалды: 1) тегін қызметтің болуы; 2) топпен жұмыс істеу мүмкіндігі; 3) қолданудың қарапайымдылығы; 4) түсінікті интерфейс.

Нәтижесінде төмендегі қызметтер таңдалды:

“Wooclap” – нақты уақыт режимінде сауалнама жүргізу сервисі. Бұл сабақтың басында, студенттердің графикалық дизайн туралы сауалнама жүргізуі үшін қолданылды. Мұндай тәсіл “Интерфейс” тақырыбы бойынша пікірталасты белсенді етуге бағытталды.

“Onlinetestpad” – нақты уақыттағы тестілеу платформасы. Бұл жаңа цифрлық технологияларға (3D-принтер, газет беттерінің дизайндағы тұрақты элементтері, типографика, колонтитул, бұлтты сервис және т.б.) қатысты жаңа тәжірибелерді меңгеруді аралық бақылау өткізу мақсатында қолданылады.

“Thinglink” – суреттерге тег қою сервисі. Нейрожелі арқылы әзірленген сфералық панорамаға, яғни журналистиканың қолданбалы құралдарының суреттеріне тегтер енгізіледі. Бұл оқу контентін визуализациялау, сөйлеу, болжау, пікір білдіру дағдыларын дамытуға бағытталады.

“Padlet” – бірлесіп жұмыс істеуге арналған интерактивті тақта. Бұл сервис интерактивті оқу ортасын қалыптастыруға, шығармашылық ойлау, командада жұмыс істеу, өзін-өзі жетілдіру және коммуникация дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

2. Сабақта қолданылатын нейрожелілер таңдалып алып, дәріс міндеттерін шешуге қажетті контенттер пайдаланылады:

1. Оқу контентін визуализациялау (“Looka”, “Dream”, “Skybox” т.б.) – нейрожелілер арқылы презентацияға арналған кескіндер (“Looka”, “Dream”), ішкі бет иллюстрациялары

(“Dream”), сондай-ақ 360⁰ форматтағы кітап және журнал кескінін бейнелейтін сурет (“Skybox”) генерирленеді. Бұл аралық бақылауға арналған ойын тапсырмасын дайындауға қызмет етеді;

2. Тыңдалымға арналған материал (“D-id”) – нейрожелі көмегімен түрлі елдердің дизайнерлері туралы видео дайындалады, олар өздері туралы айтып береді. Бұл видеоларды көріп, тыңдалымнан кейін білімгерлер дизайн жобалары бойынша пікір таластырады.

Оқу міндеттерін шешу үшін студенттер “Perplexity” нейрожелісіне сұрау салып, болашақ жобалары бойынша ұсыныстар алып, әлі белгісіз жаңа контенттердің пайда болу мүмкіндігін зерттейді.

Келесі кезеңде онлайн сабақтың технологиялық құрылымы құрылады, оған коммуникативті-әрекеттік және проблемалық әдістер біріктіріледі.

Нәтижесінде сабақ құрылымы төмендегідей болып шығады:

А. Ұйымдастыру кезеңі.

В. Дайындық кезеңі. “Wooclar” сервисінде сауалнама жүргізу. Білімгерлермен дизайн жобасы туралы пікірталас.

С. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру кезеңі.

а) “Типографика” тақырыбы:

●Беттеуге дайындалу үшін дизайнға қажетті лексиканы (қаріп, гарнитура, слой, иллюстрация және т.б.) белсендіруге арналған алдын ала оқу тапсырмалары. Сонымен қатар ақпарат алу (Не? Қайда? Қашан?) туралы етістіктер;

●Жоба құралдарына (композиция, қаріптік безендіру, палитра иллюстрациясы т.б.) жауап беруге арналған оқу тапсырмалары енеді;

●Көргеннен кейінгі сұрақтарға жауаптар.

б) “Палитра” тақырыбы:

●Осы тақырыптағы жаңа лексиканы түсіндіруге бағытталған мәтін алдындағы тапсырмалар: 2025 жылғы ең танымал шетел газет-журнадарын қарау (IT-маманымен, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушімен, digital-мамандармен, дизайнермен бірлесіп);

●Мәтін алдындағы тапсырма – осы мамандардың не істейтінін баяндау;

●Ең танымал басылым дизайны туралы әңгіме қозғау;

●Мәтіннен кейінгі тапсырма – неге бұл басылым соншалықты танымал деп ойлайсыз?

в) “Иллюстрация” тақырыбы:

●Фото өнеріндегі жаңа лексиканы семантизациялау және классификациялау бойынша алдын ала оқу тапсырмаларымен, инновациялық технологияларға қатысты, сондай-ақ коммуникацияға қажетті етістіктермен жұмыс;

●Мәтін алдындағы тапсырма – жоғалып кететін фото жанрларын айқындау (нейросет арқылы жасалған “Looka”, “Dream” кескіндері бар графика атаулары мен жаңа цифрлық технологиялар көмегімен): фотоочерк, фотоайыптау, фотосуреттеме, натюрморт, фотоэтюд т.б. Неліктен бұл фотожанрлар жойылады деп ойлайсыз және оны қандай технология ауыстырады?;

●Жоғалып кететін фотожанрлар туралы білімгерлер болжамын тыңдау;

●Мәтіннен кейінгі тапсырма – неге бұл фотожанрлар 2030 жылға дейін мүлдем жоғалып кетеді деп ойлайсыз?

●Аралық бақылау – “Onlinetestpad” сервисінде ойындық интерактивті тест (интерфейс атауын және оны ауыстыратын құралды сәйкестендіру) және нәтижелерді талқылау.

Міне, осылайша дәрісте пән тақырыбын меңгерту мақсатында нейрожелілік технологияларды қолданудың тиімді әдістері қарастырылады.

Мұнда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті базасында өткен халықаралық күзгі онлайн-интенсив мектебі аясында апробацияланған авторлық сабақ құрылымы сипатталып, интерактивті оқыту ортасын қалыптастырудағы нейрожелілердің рөлі талданды. Сонымен қатар, медиа дизайнға қатысты лексика мен грамматикалық құрылымдарды меңгертуге, коммуникативтік және “жұмсақ дағдыларды” дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесі ұсынылды.

Қазіргі заман білім беру үрдісі жасанды интеллект пен нейрожелілік технологиялардың қарқынды дамуымен тығыз байланысты. Олардың оқу процесіндегі рөлі барған сайын артып келеді, әсіресе шетелдік студенттерге бағытталған фаундешн дәрістерінде мұның маңызы зор. Осы мақалада білімгерлерге жаңа медианы меңгертуде “Графикалық дизайн” тақырыбын оқыту мысалында нейрожелілерді (Perplexity, D-id, Kandinsky және т.б.) қолдану арқылы ұйымдастырылған сабақ құрылымы мен нәтижелері жан-жақты сипатталды.

Сабақтың негізгі мақсаты – білімгерлерге болашақ мамандықтары туралы түсінік беру, тақырыптық лексика мен грамматикалық құрылымдарды меңгерту, нейрожелілермен өзара әрекет арқылы коммуникативтік және танымдық дағдыларды дамыту.

Сабақ үш кезеңнен тұрды:

Дайындық кезеңі

Бұл кезеңде білімгерлер графикалық дизайнға қатысты жаңа лексикамен және грамматикалық құрылымдармен танысты. Атап айтқанда, “беттеу”, “түстеу”, “қаріптеу” сияқты модальды құрылымдардың қолданысы түсіндірілді. Сонымен қатар, ұлттық басылымдардың электрондық эпизодтарын қарап, беттеу түрлерін анықтау тапсырмалары орындалды. Бұл әрекеттер газет беттеудегі графикалық қорды белсендіру мақсатын көздеді.

Негізгі кезең – интерактивті оқыту

Оқытудың бұл кезеңінде білімгерлер нейрожелілермен тікелей өзара әрекетке түсті. Perplexity жүйесіне жаңа медиа туралы сұраныс жасап, алынған нәтижелерді дәстүрлі медиамен салыстырды. Бұл жұмыс студенттердің ақпаратпен жұмыс істеу, салыстырмалы талдау, аргументация жасау және мәтіннен басты ақпаратты бөліп көрсету дағдыларын дамытты. Білімгерлер нейрожелі ойлап тапқан ойдан шығарылған графикалық кескіндерге сипаттама беріп, сол кескінмен нені істей алуы керек екенін анықтап жазды.

Сондай-ақ, Thinglink платформасы арқылы жүзеге асырылған ойын тапсырмасы “Газеттің болашағы бар ма?” деген сұрақ шеңберінде болашақтағы электронды басылымдардың визуализациясы талданды. Білімгерлер Skybox, Kandinsky, Looka сияқты нейрожелілерде жасалған кескіндеді талдау арқылы нақты немесе ойдан шығарылған кескіндерді ажыратып, пікір білдірді.

Коммуникативтік кезең

Аталған кезеңде студенттер дайындалған графикалық құрылымдарды пайдаланып, ауызша және жазбаша түрде өз ойларын жеткізді.

Ауызша коммуникация: D-id нейрожелісі арқылы жасалған газет нобайларының өз қызығушылықтары мен дағдылары туралы бейнежазбаларын тыңдағаннан кейін, студенттер әр басылымғасәйкес кескінді болашақ жобаларын ұсынды. Бұл тапсырмаларда олар “керек”, “керек болуы мүмкін”, “керек емес” құрылымдарын қолданды.

Жазбаша коммуникация: Студенттер Padlet платформасында өз жобалары үшін маңызды болашақ макеттерін жасап, сипаттап, басқа қатысушылармен жазбаша пікір алмасты.

Жазбаша жұмыста келесі құрылымдық элементтер ескерілді:

1. Басылым атауы.
2. Жоба идеясы.
3. Қажетті интерфейстер.
4. Таңдау типографикасы.
5. Дизайнды игеру үшін қажетті құрылғылар.
6. Нейрожелі арқылы жасалған бейнелік материалдар.

Сабақ нәтижесінде студенттер келесі білімдік және тұлғалық нәтижелерге қол жеткізді:

● *Кәсіптік құзыреттіліктер:* графикалық дизайн тақырыбындағы негізгі дағдыларды меңгерді; модальды құрылымдарды қолданып, беттеу, иллюстрациялау тәжірибелерін еркін пайдалануға дағдыланды; өз ойын логикалық тұрғыда баяндауға машықтанды.

● *Коммуникативтік дағдылар:* тақырыпқа қатысты диалог құру, пікір айту, пікір-таласқа қатысу, тыңдалым мен оқылым бойынша мәліметтермен жұмыс жасау біліктіліктері дамыды.

● *Жұмсақ дағдылар (soft skills):* креативтілік (жаңа макеттерді, басылымдарды ойлап табу), сын тұрғысынан ойлау (нейрожелінің берген ақпаратына талдау жасау), командалық жұмыс (бірлескен жоба жасау), өз бетімен ақпарат іздеу және жүйелеу дағдылары жетілді.

● *Цифрлық сауаттылық:* студенттер InDesign, Adobe, Illustrator, Corel Draw, Perplexity, Padlet, Thinglink, D-id секілді құралдармен жұмыс жасауды үйренді, нейрожелімен қарым-қатынас құру, жоба жасау, берілген ақпаратты сараптау машықтарын меңгерді.

Аталған сабақ 2025 жылдың 20 және 23 қазан күндері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті базасында 2-курс студенттеріне сабақ кестесі бойынша өткен “Медиа дизайн” пәні аясында апробациядан өтті. Дәріске бақылаушы ретінде 4 оқытушы қатысты. Студенттер пәнді игеру деңгейіне байланысты шағын екі топқа (ЖИ-1, ЖИ-2) және компьютерді игеруіне байланысты екі лекке бөлінді. ЖИ-2 деңгейіндегі топта 8 білімгер болды. Сабақ синхронды онлайн форматта жүргізілді, барлық тапсырмалар Microsoft PowerPoint презентациясында және үшінші тарап платформаларында (Padlet, Thinglink, Perplexity) ұйымдастырылды.

Жоғарыда сипатталған тәжірибе нейрожелілік технологияларды медиа білім беруде тиімді қолдануға болатынын көрсетті. “Графикалық дизайн” тақырыбын меңгерту барысында студенттер тек графикалық материалмен шектелмей, сонымен қатар, заманауи технологиялармен жұмыс істеу, материалды сараптау, пікір білдіру, шығармашылық тұрғыда ойлау сияқты маңызды құзыретті де дамытты. Бұл тәсіл болашақта түркі мемлекеттерінен (Түркия, Қырғызстан, Саха, Тыва, Түркменстан т.б.) келіп білім алатын шетелдік аудиториямен жүргізілетін медиа сабақтарын жобалауда да инновациялық бағыт ретінде қолдануға лайық.

Сабақтың технологиялық құрылымын құрудағы қорытынды кезең студенттерге цифрлық медианы үйрету барысында нейрожелілерді қолданудың тиімділігін талдауға арналды.

Сабақтан кейін алынған студенттердің кері байланысы нейрожелілер көмегімен жасалған оқу контентінің (мысалы, газеттің шаблондары мен макеттері, басылым

графикасы т.б.) олар үшін қызықты және тартымды болғанын көрсетті. Дегенмен, көптеген білімгерлер үшін жасанды интеллектпен алғаш рет жұмыс істеу тәжірибесі болғандықтан, кейбір тапсырмалар ерекше әрі күрделі көрінді. Жалпы алғанда, сабақ заманауи, мазмұнды және пайдалы деп бағаланды. Бірқатар студенттер болашақта өз қызметінде нейрожелілерді пайдалануды жалғастыруға ниет білдірді. Ең көп қызығушылық тудырған сервистер – “D-id”, “Perplexity” платформалары мен InDesign, Adobe, Illustrator, Corel Draw графикалық бағдарламалары болды.

Студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері келесі көрсеткіштерді көрсетті: респонденттердің 78,9%-ы нейрожеліге негізделген “Графикалық дизайн” тақырыбындағы сабақты “өте жақсы” (5 балл) деп бағаласа, 10,5%-ы “жақсы” (4 балл), ал қалған 10,5%-ы “қанағаттандырырлық” (3 балл) бағасын берді. Сабақтың тиімділігіне қатысты 68,4% респондент “5” ұпай берсе, 21,1% – “4” және 10,5% – “3” ұпайдан баға қойды.

Білімгерлер үшін ең қызықты тапсырмалар қатарына келесілер кірді: жасанды интеллект туралы бейнематериалдарды көру және тыңдау (68,4%), графикалық медиа атласымен жұмыс жасау (52,6%), нейрожелімен жұмыс істеу 36,8. Ал, ең күрделі тапсырмалар ретінде жас дизайнерлерге кәсіби кеңес беру (36,8%) және цифрлық медианың нейрондық атласын құрастыру (26,3%) аталды. Бұл нәтижелер оқу процесіндегі коммуникацияның ең күрделі аспектілерінің бірі бола алатынын дәлелдеді.

“Сабақтан қандай жаңалық алдыңыз?” деген сұраққа білімгерлер сөйлеу және түсіну қабілеттерін жетілдіргенін, нейрожелімен жұмыс істеуді үйренгенін және нейрожелі туралы өзекті ақпарат алғанын атап өтті. Ал “Сабақтан нені өз өміріңізде қолданасыз? Неліктен?” деген сұраққа жауап ретінде олар графикалық дизайн мен цифрлық журналистика туралы ақпаратты, “Графикалық медиа” атласын, нейрожеліні және жасанды интеллектті атап өтті.

Жалпы сауалнама нәтижелері сабақтың мақсатына қол жеткізгенін көрсетті. Білімгерлер жаңа медианы оқыту мен нейрожелі құрылымдарын жаңа контексте қолдану арқылы коммуникативтік құзыреттіліктерін жетілдірді. Сондай-ақ жасанды интеллектпен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ашу арқылы кәсіби мотивацияларын арттырды. Командалық жұмыс пен пікірталасқа негізделген тапсырмалар барысында коммуникациялық психологиялық кедергілер жойылды. Сонымен қатар, мақсатты аудиторияның сұраныстары толық көлемде қанағаттандырылады.

Нейрожелілерді сабақ құрылымына енгізу студенттердің “жұмсақ дағдылары” (soft skills) мен креативтілік пен сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Бақылау нәтижелері бойынша білімгерлердің болашақ мамандықтары туралы еркін сөйлей бастағаны, графикалық медиа мен нейрожелі құрылымдарын өздігінен қолдануға тырысқаны және жаңа медианы пайдалана отырып, өз көзқарасын түсіндіруге талпынғаны байқалды. Сабақ тапсырмаларын нейрожелілерде жасалған басылым макеттерімен және бейнелермен сүйемелдеу – оқу материалының студенттер үшін көрнекі әрі ерекше болуын қамтамасыз етті. Бұл иллюстрациялық материалдар сөйлеу және жазу дағдысын дамыту тапсырмаларын орындауда тірек ретінде қолданылды.

Мәтін генераторларымен өзара әрекет жазбаша коммуникацияны дамытуға мүмкіндік беріп, білімгерлерге нейрожеліден алынған ақпараттың барлығы шынайы бола бермейтінін түсінуге жол ашты. Сонымен қатар, жасанды интеллектпен жұмыс жасау жаңа идеялардың туындауына себепші болатын шығармашылық процестің катализаторы ретінде көрінді.

Қазір мерзімді басылымдар да ЖИ көмегімен шыға бастады. Мәселен, итальяндық “Il Foglio” басылымы толықтай жасанды интеллект арқылы газет нөмірін шығарды [8]. Бұл жасанды интеллект технологияларының қазіргі журналистикаға қалай әсер ететінін көрсету үшін жасалған алғашқы қадам.



1-сурет. Нейрондық желі арқылы жасалған алғашқы “Il Foglio” ЖИ газетінің онлайн нұсқасы

“Бұл әлемдегі алғашқы күнделікті газет, оны толығымен жасанды интеллект жазды: мақалалар, тақырыптар, тіпті пікірлер мен сарказмға толы дәйексөздер де жасанды интеллекттің өнімі”, – деп жазды газет редакторы Клаудио Чераса өз басылымының алғы сөзінде. Жасанды интеллект тек фактілерді ұсынумен шектелді. Журналистер нейронды желіге сұрақ қойып, оның жауаптарын тексеріп отырды. Мұндай тәжірибе жаңалықтар жасауда жасанды интеллекттің мүмкіндіктерінің мол екендігін көрсетіп берді.

Қорытынды

Жасанды интеллект технологияларын студенттерге оқыту жаңа құралдар ретінде қызмет атқарады. Олардың көмегімен білімгерлер білім беру міндеттерінің кең ауқымын шеше алады. Жасанды интеллекттің ең кең таралған құралдарының бірі әр түрлі форматтағы контентті генерациялай алатын нейрожелілер болып табылады. Білім беру саласында жасанды интеллектті енгізудің негізгі бағыттарына мыналар жатады: оқу процесін басқару, оқу курстарын жобалау және дизайн, веб-дизайн дәрістерін оқыту, оқу контентін генерациялау, білімгерлердің іс-әрекеттерін бақылау және мониторинг жүргізу, сондай-ақ жобалық және шығармашылық тапсырмаларды шешуге қолдау көрсету.

Жасанды интеллектті білім беру жүйесінде пайдалану бойынша мақаламыздағы талдау көрсеткендей, көптеген студенттер нейрожелілерді негізінен оқу контентін визуализациялау үшін немесе олардың негізінде жасалған чат-боттар мен дауыстық көмекшілерді, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мақсатында қолданатынын

білдік. Дегенмен, біздің ойымызша нейрожелілердің мүмкіндіктері әлдеқайда кең: бұл цифрлық құралдарды интерактивті оқу ортасында пайдалануға мүмкіндік береді, олардың көмегімен жобалық және зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар нейрожелілер студенттердің “жұмас дағдыларын” – креативтілік сыни ойлау және командалық жұмысты дамытуға ықпал етеді.

Нейрожелілерді пайдаланып, цифрлық журналистиканы оқыту үшін технологиялық құрылымды құру тәжірибесі көрсеткендей, оқытудың әрбір кезеңінде – жаңа медианы таныстыру, нейрожелілік құрылымдарды меңгерту, шығармашылық және ойын тапсырмаларын орындау, монологтық сөйлеуді қалыптастыру, ауызша және жазбаша коммуникация ұйымдастыру – нейрожелілер мен олар жасаған контентті тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

“Графикалық дизайн” тақырыбында жасанды интеллектті қолдана отырып, ұйымдастырылған сабақтың креативті құрылымы бойынша жұмыс істеу нәтижелері көрсеткендей, нейрожелілермен жасалған контентпен жұмыс және шығармашылық тапсырмаларды орындауда олардың тікелей қолданылуы студенттердің коммуникативтік құзіреттіліктері мен “жұмсақ дағдыларын” (креативті және сыни ойлау, командалық жұмыс) дамытуға ықпал етті. Сонымен қатар нейрожелілермен жұмыс істеу оларға нейрожеліні тек адаммен ғана емес жасанды интеллектпен де коммуникация құралы ретінде үйренуге мотивация берді.

Осылайша жаңа медианы оқытуда нейрожелілерді қолданудың әлеуеті зор: нейрожеліні тек контент құрастыру құралы ретінде ғана емес, студенттердің өздерінің оқу тапсырмаларын шешуіне мүмкіндік беретін нейрондық қосымша ретінде де пайдалана алады. Болашақта жасанды интеллект технологияларын жаңа медианы оқыту тәжірибесіне енгізу студенттердің оқыту әдістемесін кеңейтіп, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге арналған коммуникативтік тренажерлерді құрып, жаңа буын оқу материалдарын жасауға мүмкіндік береді. Ал алдағы уақытта нейрожелілерді басқа цифрлық технологиялармен біріктіру нейрожеліні оқытуда жаңа, өз алдына бірегей білім беру кеңістігін – жасанды интеллекттің метакеңістігін қалыптастыруға жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев Қ.К. Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу, 2025. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifryk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957> (өтініш берген күні: 8.10.2025).
2. ҚазҰУ-да «Жасанды интеллект және медиа» бағдарламасы іске қосылды, 2025. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://farabi.university/news/98125> (өтініш берген күні: 11.10.2025).
3. Аяпова С.М. Зарубежные и казахстанские медиа об использовании искусственного интеллекта в журналистике. Вестник КазНУ. Серия журналистика. – 2021. – № 2 (60). – С. 95–101.
4. Фурс С.П. Искусственный интеллект в сфере образования – помощник педагога или «подрывная» технология? Преподаватель XXI век. – 2023. – № 1–1.
5. Медиа кеңістіктегі жасанды интеллект: проблемалар мен болашағы. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік форумның материалдар жинағы. – Алматы, 2024. – 111 б.
6. Әлеуметтік сауалнама. Жасанды интеллект және қазіргі заманғы БАҚ, 2025. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://forms.gle/mFCNV8jzPZixc7ND8> (өтініш берген күні: 22.10.2025).

7. Ғалымғазықызы А. Egov-қа жасанды интеллект қосылады, 2024. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://baq.kz/egovqa-zhasandy-intellekt-qosylady-ministr-322626> (өтініш берген күні: 22.10.2025);
8. Рассел С., Норвиг П. Искусственный интеллект. Современный подход. – Москва, 2006.
9. Рондерос М. Т. Как использовать искусственный интеллект в журналистике: опыт редакций всего мира, 2025. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://gijn.org> (өтініш берген күні: 02.11.2025).
10. Остроух А. В. Введение в искусственный интеллект: монография. – Красноярск: Научно-инновационный центр, 2020. – 250 с.
11. Сарсекеева Л. Ж. Нейрондық желілерді білім беру саласында қолдану мүмкіндіктері. ҚазҰУ хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2023. – № 2 (78). – 45–51 б.;
12. Солодовникова Е. А. Искусственный интеллект в образовании: возможности и вызовы. Современные проблемы науки и образования. – 2020. – № 1. – С. 113–119.
13. Лукичев П. М., Чекмарев О. П. Долгосрочные риски применения искусственного интеллекта в экономике. Вопросы инновационной экономики. – 2023. – № 4 (13).
14. Нейрондық желі арқылы жасалған алғашқы «Il Foglio» ЖИ газеті, 2025. [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.ilfoglio.it/?refresh_ce (өтініш берген күні: 14.11.2025).

Б. Сердали

Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясауи, Туркестан, Казахстан

Методика использования нейронных сетей на занятиях по новым медиа

Аннотация. Данное исследование направлено на выявление возможностей использования нейронных сетей (далее – нейросетей) в качестве инновационного метода формирования интерактивной образовательной среды на дисциплинах, преподаваемых в рамках образовательных программ по направлению “Журналистика и репортерское дело”. В статье всесторонне рассматриваются современные методы применения нейросетей в процессе обучения новым медиа. В частности, уделяется внимание роли нейросетей в разработке учебного контента и персонализации учебного процесса, а также возможностям усиления взаимодействия между преподавателем и студентом. В ходе исследования, переосмысливая традиционные структуры занятий на факультетах журналистики, предлагаются практические подходы к построению технологической структуры урока на основе использования нейросетей. Данные подходы направлены на развитие цифровой грамотности и творческих способностей обучающихся. Научная новизна исследования заключается в первичном формулировании методических рекомендаций по разработке технологической структуры занятий, ориентированной на достижение учебных целей посредством интеграции нейросетей в процесс обучения новым медиа. Указанные рекомендации нацелены на обновление содержания образования в области журналистики и повышение профессиональной компетентности будущих специалистов. Результаты исследования показали значительный потенциал нейросетей в образовательном процессе. Они рассматриваются как вспомогательный инструмент преподавателя, а также как эффективный цифровой ресурс для развития коммуникативной компетентности обучающихся и совершенствования “мягких навыков” (softskills), таких как креативность, критическое мышление и умение работать в команде.

Ключевые слова: цифровая медиадидактика, коммуникативно-деловые навыки, профессиональная компетентность, искусственный интеллект, нейронные сети, новая медиа.

B. Serdali

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

Methods for using neural networks in new media classes

Abstract. This study aims to identify the possibilities of using neural networks (hereinafter referred to as neural nets) as an innovative method for creating an interactive educational environment in disciplines taught within the educational programs in the field of "Journalism and Reporting." The article comprehensively examines modern methods of applying neural nets in the process of teaching new media. In particular, attention is paid to the role of neural nets in developing educational content and personalizing the learning process, as well as the opportunities to enhance interaction between the teacher and the student. During the study, by rethinking the traditional lesson structures in journalism faculties, practical approaches to constructing the technological framework of lessons based on the use of neural nets are proposed. These approaches are aimed at developing students' digital literacy and creative abilities. The scientific novelty of the research lies in the initial formulation of methodological recommendations for designing the technological structure of lessons oriented toward achieving educational goals through the integration of neural nets into the new media learning process. These recommendations are intended to update the content of education in journalism and to enhance the professional competence of future specialists. The research results demonstrated the significant potential of neural nets in the educational process. They are considered as an auxiliary tool for the teacher, as well as an effective digital resource for developing students' communicative competence and improving "soft skills" such as creativity, critical thinking, and teamwork.

Keywords: digital media didactics, communicative and business skills, professional competence, artificial intelligence, neural networks, new media.

References

1. Toqaeв Q. K. Zhasandy intellekt dauirindegi Qazaqstan: ozekti maseleler zhane ony tubegeili cifrlyq ozgerister arqyly sheshu [Kazakhstan in the age of artificial intelligence: current problems and prospects of solution through radical digital transformation]. (2025). Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957> (accessed 08.10.2025)
2. QazUU-da «Zhasandy intellekt zhane media» bagdarlamasy iske qosyldy [The program "Artificial intelligence and media" was launched at KazNU]. (2025). Available at: <https://farabi.university/news/98125> (accessed 11.10.2025)
3. Ayapova S.M. Zarubezhnye i kazakhstanskіe media ob ispolzovanii iskusstvennogo intellekta v zhurnalistike [Foreign and Kazakh media on the use of artificial intelligence in journalism] // Vestnik KazNU. Seriya zhurnalistika [Bulletin of KazNU. Journalism Series]. 2 (60). 95–101(2021) [in Russian].
4. Furs S.P. Iskusstvennyi intellekt v sfere obrazovaniia – pomoshchnik pedagoga ili «podryvnaia» tekhnologiia? [Is artificial intelligence in the field of education a teacher's assistant or a "disruptive" technology?] // Prepodavatel XXI vek [Teacher of the XXI Century]. 1(1). (2023). [in Russian].
5. Media kenistiktegi zhasandy intellekt: problemalar men bolashagy. Halyqaralyq gylymi-tazhiribelik forumnyn materialdar zhinagy [Artificial intelligence in the media space: problems and prospects. Collection of materials of the international scientific and practical forum].(Almaty, 2024. 111 p.). [in Russian].

6. Aleumettik saualnama. Zhasandy intellekt zhane qazirgi zamangy BAQ [Social survey. Artificial intelligence and modern media]. (2025). Available at: <https://forms.gle/mFCNV8jzPZixc7ND8> (accessed at: 22.10.2025)
7. Galymgazyqyzy A. Egov-qa zhasandy intellekt qosylady [Artificial intelligence will be added to eGov]. (2024). Available at: <https://baq.kz/egovqa-zhasandy-intellekt-qosylady-ministr-322626> (accessed 22.10.2025)
8. Rassel S., Norvig P. Iskusstvennyi intellekt. Sovremennyyi podkhod [Artificial intelligence. A modern approach]. (Moscow, 2006) [in Russian].
9. Ronderos M.T. Kak ispolzovat iskusstvennyi intellekt v zhurnalistike: opyt redaktsii vsego mira [How to use artificial intelligence in journalism: the experience of editorial offices around the world]. (2025). Available at: <https://gijn.org> (accessed 02.11.2025)
10. Ostroukh A.V. Vvedenie v iskusstvennyi intellekt: monografiia [Introduction to artificial intelligence: a monograph]. (Krasnoyarsk, 2020. 250 p.) [in Russian].
11. Sarsekeeva L. Zh. Neirondyq zhelilerdi bilim beru salasynda qoldanu mumkindikteri [Possibilities of using neural networks in the field of education] // QazUU khabarshysy. Pedagogika seriiasy [Bulletin of KazNU. Pedagogy Series]. 2 (78). 45–51(2023).
12. Solodovnikova E.A. Iskusstvennyi intellekt v obrazovanii: vozmozhnosti i vyzovy [Artificial intelligence in education: opportunities and challenges] // Sovremennye problemy nauki i obrazovaniia [Modern problems of science and education]. 1. 113–119(2020). [in Russian].
13. Lukichev P.M., Chekmarev O.P. Dolgosrochnye riski primeneniia iskusstvennogo intellekta v ekonomike [Long-term risks of using artificial intelligence in the economy] // Voprosy innovatsionnoi ekonomiki [Issues of innovative economics]. 4 (13). (2023) [in Russian].
14. Neirondyq zheli arqyly zhasalghan algashqy «Il Foglio» ZhI gazeti [The first AI newspaper “Il Foglio”, created using a neural network]. (2025). Available at: https://www.ilfoglio.it/?refresh_ce (accessed 14.11.2025)

Автор туралы мәлімет:

Сердалі Б. – филология ғылымдарының кандидаты, журналистика кафедрасының профессоры, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Сердали Б. – кандидат филологических наук, профессор кафедры журналистики, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан.

Information about the authors:

Serdali B. – Candidate of Philological Sciences, Professor of the Department of Journalism, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.